

**Сайқын ауылдық округінің Молотов елді мекені аумағында карантиндік режимді және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантиндік аймақтың ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 1 қазандағы № 198 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қазанда № 7-4-95 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 2 қарашадағы № 235 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің 02.11.2009 № 235 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағы 9)-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Бөкей ордасы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2009 жылғы 1 қазандағы N 635 ұсынысы негізінде, Сайқын ауылдық округінің Молотов елді мекені аумағында ірі қара малдардың қауіпті қарасан ауруының таралу эпизоотикалық ошағын оқшалау және жою мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сайқын ауылдық округінің Молотов елді мекені аумағында карантиндік режим мен шектеу іс-шаралары енгізіліп, карантиндік аймақтың ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Сайқын ауылдық округінің әкіміне, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Бөкей ордасы аудандық аумақтық инспекциясының бастығына ( келісім бойынша) бірлесе отырып шаруашылық-ұйымдастыру, санитарлық және арнайы ветеринарлық дәрігерлік шараларын уақытылы және толық орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын қадағалап отыру аудан әкімінің орынбасары Е. Қ. Таңатовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

